

**«2016-2018 жылдарға арналған
Байғанин ауданының бюджетін
бекіту туралы» 2015 жылғы
23 желтоқсандағы № 196 аудандық
мәслихаттың шешіміне өзгерістер
енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет Кодексінің 109-бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 23 желтоқсандағы №196 «2016-2018 жылдарға арналған Байғанин ауданының бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу №4704 санымен тіркелген, 2016 жылғы 11 ақпанда аудандық «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1 тармақта:

1) тармақшасында
кірістер

«3 940 136,1» деген сандар «3 946 646,1» деген сандармен ауыстырылсын;
оның ішінде:

трансферттердің түсімдері

«838 908» деген сандар «845 418» деген сандармен ауыстырылсын;

2) тармақшасында
шығындар

«4 585 890,6» деген сандар «4 592 400,6» деген сандармен ауыстырылсын;

2) 7 тармақта:

«164 543,7» деген сандар «13 058,9» деген сандармен ауыстырылсын;

3) көрсетілген шешімдегі 1, 5 қосымшалары осы шешімдегі 1, 2 қосымшаларға сәйкес редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.